


ISSN: 2960-0049
ISSN-L: 2958-5376

MUSEUM.KZ



ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

1(13)2026



ӨОЖ 94 (574)

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕК – ҰЛТ МӘДЕНИЕТІН ҰЛЫҚТАҒАН ТҰЛҒА РЕТІНДЕ**Б.Қ. Исабек**Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
(Қазақстан)

Аңдатпа. Мақалада мемлекет және қоғам қайраткері, этнограф-ғалым Өзбекәлі Жәнібектің қазақ халқының ұлттық мәдениетін жаңғыртудағы және дәстүрлі өнерін сақтау мен дәріптеудегі қайраткерлік қызметі талданады. Зерттеуде оның қазақ халқының көне музыкалық аспаптарын қайта тірілту, «ұмыт қалған» халық билерін жаңғырту, фольклорлық-этнографиялық ансамбльдерді ұйымдастыру, қазақтың ұлттық киім үлгілерін жасау, қазақ халық музыкалық аспаптар музейін ұйымдастыру бағытындағы ұйымдастырушылық және ғылыми-ізденушілік жұмыстары жан-жақты сипатталады. Сонымен қатар, мақалада қайраткердің ұлттық мәдениетті заман талабына сай дамытуды көздеген көзқарасы мен ұлттық мұраның мәдени саясат және жастарды отаншылдық рухта тәрбиелеу үшін маңызы айқындалады. Өзбекәлі Жәнібектің тұлғалық болмысы – ұлт мәдениетін жаңғырту миссиясымен біте қайнасқан, ұлтқа жанкештілікпен қызмет етудің өнегелі үлгісі ретінде бағалануы тиіс. Бұл – оның елге деген қызметін жай ғана тарихи факт ретінде емес, бүгінгі мәдени саясат пен ұлттық тәрбие үшін өнегелік үлгісі ретінде тануға мүмкіндік береді. Бұл зерттеуде оның тек дәстүрлі музыка мен фольклорлық ансамбльдерді құрудағы, көне музыкалық аспаптарды, би өнерін, қазақ киімдерін жаңғыртудағы жасаған өнегелі істері ғана талқыланады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысында этникалық және ұлттық мәдениетті белсенді қолдаған көрнекті тарихи тұлға, сондай-ақ кеңестік тоталитарлық жүйе жағдайында мәдени мұра мен көшпелілер өркениетінің құндылықтарын сақтауға үлес қосқан, сол арқылы ұлттық бірегейлікті танытқан тұлға ретінде Ө. Жәнібеков туралы ғылыми және ғылыми-көпшілік материалдар пайдаланылды.

Зерттеудің деректік негізін Өзбекәлі Жәнібектің мемуарлық және ғылыми еңбектері («Тағдыр тағылымы», «Уақыт керуені», «Эхо» және т.б.), сондай-ақ қазақтың дәстүрлі өнері мен музыкалық аспаптарына қатысты жазбалары мен естеліктері құрайды. Сонымен бірге, Қ. Ергөбектің, Б.Адырбектің зерттеулері, мерзімді басылым материалдары пайдаланылды. Зерттеуде тарихи-биографиялық және тұлғатану әдістері арқылы Өзбекәлі Жәнібектің ұлттық мәдениетті жаңғыртуға бағытталған қызметі нақты тарихи уақытпен қарастырылып, оның бастамаларының саяси-әлеуметтік ахуалмен байланысы анықталады. Деректанулық талдау мемуарлық мәтіндер мен баспасөз материалдарының шынайылығын, мазмұндық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді, ал мәдениеттанулық және этнографиялық талдау көне аспаптарды, би үлгілерін, ұлттық киім үлгілерін жаңғырту арқылы қазіргі ұлттық мәдениеттің даму үрдістерімен сабақтастыра зерделеуге бағытталды. Салыстырмалы және жүйелеу әдістері негізінде қайраткердің фольклорлық ансамбльдер құру, көне билерді қалпына келтіру, музей ісін дамыту бағытындағы еңбектері ұлттық өнерді қайта түлетудің өзара байланысқан қырлары ретінде қарастырылды.

Тірек сөздер: ұлттық мәдениет, дәстүрлі өнер, көне музыкалық аспаптар, фольклорлық-этнографиялық ансамбль, халық биі, қазақ халық музыкалық аспаптар музейі.

Сілтеме жасау үшін: Исабек Б.Қ. Өзбекәлі Жәнібек – ұлт мәдениетін ұлықтаған тұлға ретінде // MUSEUM.KZ. 2026. №1 (13), 80-87 бб. DOI 10.59103/muzkz.2026.13.09

ОЗБЕКАЛИ ЖАНИБЕК КАК ВЫДАЮЩИЙСЯ ДЕЯТЕЛЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ

Б.К. Исабек

Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узбекали Жанибекова
(Казахстан)

Аннотация. В статье анализируется государственная и общественная деятельность этнографа-учёного, государственного и общественного деятеля Узбекали Джанибекова, направленная на возрождение национальной культуры казахского народа, а также на сохранение и популяризацию традиционного искусства. В исследовании всесторонне рассматриваются его организационная и научно-исследовательская работа по восстановлению древних казахских музыкальных инструментов, возрождению «забытых» народных танцев, созданию фольклорно-этнографических ансамблей, разработке образцов национальной казахской одежды, а также организации музея казахских национальных музыкальных инструментов. Кроме того, в статье раскрываются взгляды деятеля, ориентированные на развитие национальной культуры в соответствии с требованиями времени, а также подчеркивается значение национального наследия для культурной политики и патриотического воспитания молодежи. Личность Узбекали Жанибека следует оценивать как нравственный пример бескорыстного служения нации, неразрывно связанный с миссией возрождения национальной культуры. Это позволяет нам признать его служение стране не просто историческим фактом, но и нравственным примером для современной культурной политики и национального образования. В данном исследовании рассматриваются только его нравственные поступки в создании традиционных музыкальных и фольклорных ансамблей, в возрождении старинных музыкальных инструментов, танцевального искусства и казахских костюмов.

Материалы и методы исследования. В исследовании использованы, как научные, так и научно-популярные материалы об О. Жанибекове как о выдающейся исторической личности, активно поддерживавшей этническую и национальную культуру, а также как о человеке, который в условиях советской тоталитарной системы способствовал сохранению культурного наследия, ценностей кочевой цивилизации, тем самым показывал уникальность национальной идентичности.

Источниковедческой основой исследования послужили мемуары и научные труды Узбекали Жанибека («Тагдыр Тағылымы», «Бакыт Керуени», «Эхо» и др.), а также его заметки и мемуары о традиционном казахском искусстве и музыкальных инструментах. Кроме того, были использованы исследования К. Эргобека, Б. Адырбека и материалы периодических изданий. В исследовании, с применением историко-биографических и личностно-познавательных методов, рассматривается деятельность Узбекали Жанибека, направленная на возрождение национальной культуры в конкретный исторический период, и определяется связь его инициатив с политической и социальной ситуацией. Документальный анализ позволил определить подлинность и содержательные особенности мемуарных текстов и пресс-материалов, а культурологический и этнографический анализ был направлен на изучение процессов развития современной национальной культуры через возрождение старинных инструментов, моделей танца и национальных костюмов. На основе сравнительных и систематических методов работа фигур в направлении создания фольклорных ансамблей, восстановления старинных танцев и развития музейной деятельности рассматривалась как взаимосвязанные аспекты возрождения национального искусства.

Ключевые слова: национальная культура, традиционное искусство, древние музыкальные инструменты, фольклорно-этнографический ансамбль, народный танец, музей казахских национальных музыкальных инструментов.

Для цитирования: Исабек Б.К. Узбекәли Жәнибек қак ыдауышыя деятель национальнуй культуры // MUSEUM.KZ. 2026. №1 (13), с. 80-87. DOI 10.59103/muzkz.2026.13.09

UZBEKALI ZHANIBEK AS AN OUTSTANDING FIGURE OF NATIONAL CULTURE

B.K. Isabek

South Kazakhstan Pedagogical University named after Uzbekali Zhanibekov (Kazakhstan)

Abstract. The article analyzes the public and political activities of the statesman and public figure, ethnographer-scholar Uzbekali Zhanibekov, focusing on his contribution to the revival of the national culture of the Kazakh people and to the preservation and promotion of traditional arts. The study comprehensively examines his organizational and research activities aimed at restoring ancient Kazakh musical instruments, reviving “forgotten” folk dances, establishing folklore and ethnographic ensembles, reconstructing traditional Kazakh national costumes, and founding the museum of Kazakh National Musical Instruments. In addition, the article highlights the public figure’s vision of developing national culture in accordance with contemporary demands, as well as emphasizes the significance of national heritage for cultural policy and for fostering patriotism among the younger generation. Uzbekali Zhanibek's personality should be assessed as a moral example of selfless service to the nation, inextricably linked to the mission of reviving national culture. This allows us to recognize his service to the country not simply as a historical fact, but also as a moral example for contemporary cultural policy and national education. This study examines only his moral actions in creating traditional musical and folklore ensembles, and in reviving ancient musical instruments, dance, and Kazakh costumes.

Research materials and methods. The study utilized both scholarly and popular science materials about Uzbekali Zhanibekov as an outstanding historical figure who actively supported ethnic and national culture, as well as a person who, under the Soviet totalitarian system, contributed to the preservation of the cultural heritage and values of nomadic civilization, thereby demonstrating the uniqueness of national identity.

The source material for this study was Uzbekali Zhanibek's memoirs and scholarly works ("Tagdyr Tagylymy", "Bakyt Keruyeni", "Echo," etc.), as well as his notes and memoirs on traditional Kazakh art and musical instruments. Research by K. Ergobek and B. Adyrbek, as well as materials from periodicals, were also utilized. Using historical, biographical, and personal-cognitive methods, this study examines Uzbekali Zhanibek's activities aimed at reviving national culture in a specific historical period and determines the connection between his initiatives and the political and social context. Documentary analysis allowed us to determine the authenticity and substantive features of memoir texts and press materials, while cultural and ethnographic analysis focused on the development of modern national culture through the revival of ancient instruments, dance patterns, and national costumes. Based on comparative and systematic methods, the work of figures in the direction of creating folklore ensembles, restoring ancient dances and developing museum activities was considered as interrelated aspects of the revival of national art.

Keywords: national culture, traditional art, ancient musical instruments, folklore and ethnographic ensemble, folk dance, museum of Kazakh National Musical Instruments.

For citation: Isabek B.K. Uzbekali Zhanibek as an outstanding figure of national culture // MUSEUM.KZ. 2026. №1 (13), pp. 80-87. DOI 10.59103/muzkz.2026.13.09

Кіріспе. азақ халқының ұлттық болмысын сақтауда және ұлттық құндылықтарын дәріптеуде Өзбекәлі Жәнібектің атқарған еңбегі орасан зор. Ол – мемлекет және қоғам қайраткері ретінде қазақтың жоғалтқанын түгендеп, ұлт мәдениетін жаңғыртып, дамыту ісіне, атадан балаға мұра болып келе жатқан дәстүрлі өнерімізді әлемге паш ету жолында өлшеусіз үлес қосқан «Рух сардары» болды. XX ғасырдың 60-70 жылдардың өзінде кеңестік

идеологияның шектеулеріне қарамастан ұлтымыздың мәдени болмысын жаңғырту миссиясын табанды түрде жүзеге асырған Өзбекәлі Жәнібек бұны өзінің өмірлік ұстанымы мен мемлекеттік қызметінің өзегіне айналдырды. Қызметтің қай деңгейінде болса да ол шешімдерінің түпкі мәнін ұлт руханиятын көтеруге бағыттады. Ол әсіресе мәдениет саласында батыл бастамаларды көтеріп, ұлттық сана мен тарихи жақты қалыптастыруға ерекше көңіл бөлді. Қоғам қайраткерінің бастамасымен ұлт мерекесі – Наурыздың халыққа оралуына, айтыс өнерінің жандандырылуы, ұлттық ойындар мен салт-дәстүрлік рәсімдердің мәдени іс-шараларға енгізілуі сол кезең үшін тарихи тұрғыдан маңызға ие тәуекелді қадам болды.

XX ғасыр басында Алашорда мемлекетінің басшысы Әлихан Бөкейханов 1915 жылдан бастап Наурыз мерекесінің уақытын 22 наурызға белгілеп, қоғамдық ортада бекітеді. Түркістан республикасының Атқару комитетінің төрағасы болған Тұрар Рысқұлов 1920 жылы 26 наурыздағы №406 бұйрығымен юлианша күнтізбесімен 9 наурыз, григорианша 22 наурыз бүкілхалықтық «Көктем мерекесі», «Наурыз» болып бекітілсін деген шешім шығарып, ресми түрде бекітті. Алайда кеңестік билік 1926 жылдан мерекені діни мереке деп санап, ресми тойлауға тыйым салды. Кеңес елінде большевиктік темір тәртіп босаңсып, жариялылық, қайта құру кіргеннен кейін қазақ елінде өткен ғасырдың 80-ші жылдардың соңында бұл мейрамды қайта тойлау жаңғыртылды. Өзбекәлі Жәнібековтің тікелей атсалысуымен 1988 жылдың 22 наурызынан бастап Наурыз мерекесі елімізде ұлттық мереке күні болып белгіленіп, республика көлемінде тойлана бастады.

Қазақ халқының этнографиялық бай әлемін қалпына келтіріп, ұлттық салт-дәстүр мен сананы жаңғыртып, оның жүздеген білгірлері мен іздеушілерін игілікті жұмысқа жұмылдыра алған да Өзбекәлі Жәнібек болатын. Соның айғағы – этнограф-ғалым өзі бас болып, ұзақ жылдар тірнектеп жүріп, жинақтап ашқан Алматы қаласындағы республикалық музыкалық ұлт аспаптар музейі еді. Бұл жайлы қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтанов өз естелігінде еске алады: «Кезінде ол мұражайдың ашылуы үлкен оқиға болған. Мұражай жұмысымен қатар құрылған этнографиялық «Сазген» және Нұрғиса Тілендиевтің атақты «Отырар сазы» ансамбльдері де өз нақыштарымен, өз үндерімен дүниеге келді. Аталмыш мұражайдың жұмысын жолға қою айтуға жеңіл, шын мәнінде тауқыметі көп, әлеуметтік жағдайы жоқ жұмыс еді. Сондай-ақ, «Отырар сазы» ұжымы тарихының өзі бөлек әңгіме. Бұл жерде айтудың реті келіп тұрғаны – Нұрғиса Тілендиев пен Өзбекәлі Жәнібектің бірлесіп, сол мұражайдағы ұлттық аспаптарды үлкен ансамбльде «сөйлетуі» еді. Анау-мынау бастық шенеуніктерге тарпан, мінез көрсетіп жүретін Нұрекең (Нұрғиса Тілендиев) Өзекеңмен үндесіп, шүйіркелесіп кететін» [Ергөбек, 2021: 43].

Өзбекәлі Жәнібек кеңестік идеология салдарынан көмескілене бастаған ұлттық сананы қайта жаңғырту жолында табанды еңбек етті. Ол «Тағдыр тағылымы» еңбегінде «Бәлкім, манағы «елеусіз қалған мың жылдың» хикаясы да осындай, ешнәрсеге жауап бермей, қол қусырып, «сен тимесең, мен тимен» деп отыра беретін сәуегейлердің іс-қаракетінен туса керек. Әйтпесе «ол жағы зерттелмеген» деп мыңжылдық тарихты сыртқа шығарып тастауға бола ма?», - деу арқылы сол кезеңдегі қоғамдағы ұлт жадына деген немқұрайлылыққа күйініш білдірді [Жәнібеков, 1997: 128]. Ол тарихи жадыны қалпына келтіруді – ұлттың рухани тәуелсіздігіне бастар негізгі шарт деп білді.

Талқылау және нәтижелер. Өзбекәлі Жәнібектің халқымыздың бірлігі мен берекесінің, ырысы мен ынтымағының киелі нышаны болған Тайқазандай қасиетті жәдігерді тарихи мекеніне қайтарудағы қызметі – тек мәдени оқиға емес, ұлттық рухты жаңғыртудың маңызды қадамы болды. Оның Тайқазанды елге қайтару идеясы алғаш рет 1977–1978 жылдары Қожа Ахмет Ясауи кесенесін мұражайландыру жоспары талқыландырылған тұста көтерді [Ергөбек, 2021: 249]. Алайда Эрмитаж қорында тұрған Тайқазанды Ленинградтан алдыру оңай болған жоқ. Бұл күрделі әрі ұзақ дипломатиялық және құқықтық үдеріс еді. Өзбекәлі Жәнібек мемлекетаралық құжаттардың мұқият дайындалуына тікелей ықпал етіп, мәселенің заңдық негізде шешілуін қамтамасыз етті. Оның табандылығы мен дәлелді ұстанымы нәтижесінде қарсы тараптың уәж айтуына мүмкіндік қалмады.

Сондай-ақ ол Эрмитаждың сол кездегі директоры, академик Б. Пиотровскиймен сыйластық қарым-қатынаста болып, бұл байланысты жәдігерді қайтаруда ұтымды пайдалана білді [Ергөбек, 2021: 279]. 1989 жылғы 18 қыркүйекте қасиетті Тайқазан Эрмитаж қорынан Түркістан қаласына жеткізілді. Жәдігер елге жеткенше, Өзбекәлі кесене ішіндегі орнын нақты белгілеп, «дәл осы жерге, биік тұғырдың үстіне қондырылуы керек» деп алдын ала дайындық жасатты. Бүгінде Тайқазан тұрған орын – сол кезде айқындалған тарихи шешімнің нәтижесі.

Тайқазанның елге оралуы – ұлттық рухтың жаңғыруының символына айналды. Бұл оқиға жастар үшін ұлттық намыс, тарихи әділеттілік және елдік мүдде жолында табандылық танытудың жарқын үлгісі болып қалды.

Өзбекәлінің қайраткерлік болмысы ұлттық мәдениетке тек мұра ретінде емес, заман ағымындағы қоғам дамуының тірек күші ретінде қараумен құнды. Ол қазақтың қолөнері, ұлттық киімі, ою-өрнегі, тұрмыстық бұйымдары мен сәулет өнерін ғылыми-этнографиялық тұрғыда зерттеп, музей экспонаттарын көрмелерде лайықты түрде таныстырылуына жағдай жасады, сөйтіп ұлттық мәдениеттің құндылықтарын жас буынның санасына сіңіруге ықпал етті. Ол өзі өмір сүрген кеңестік кезеңнің қатаң идеологиялық шектеулеріне қарамастан, ұлттық мүддені ашық қорғау, ана тілі мен салт-дәстүрді жаңғыртуды, тарихи-мәдени ескерткіштерді қалпына келтіру мен қорғауды табандылықпен талап етуі – оның қайраткерлік қырын айқындайтын белгілердің бірі болды. Сондықтан да Өзбекәлі Жәнібектің тұлғалық болмысы – ұлт мәдениетін жаңғырту миссиясымен біте қайнасқан, ұлтқа жанкештілікпен қызмет етудің өнегелі үлгісі ретінде бағалануы тиіс. Бұл – оның елге деген қызметін жай ғана тарихи факт ретінде емес, бүгінгі мәдени саясат пен ұлттық тәрбие үшін өнегелік үлгісі ретінде тануға мүмкіндік береді. Бұл зерттеуде оның тек дәстүрлі музыка мен фольклорлық ансамбльдерді құрудағы, көне музыкалық аспаптарды, би өнерін, қазақ киімдерін жаңғыртудағы жасаған өнегелі істері ғана талқыланады.

Өзбекәлі Жәнібектің ұлт мәдениетін ұлықтаудағы ерен еңбегі – көне аспаптарды тірілтуі болды. Ғалым ұмыт болған жетіген, адырна, сазген, нарқобыз, үш ішекті домбыра, шіңкілдек, керней, желқобыз, желбуаз секілді аспаптарды зерттеп, оларды қайта дыбыстандыруға күш салды. Ол бұл туралы «Эхо» еңбегінде: «Уақыт қойнауында ұмыт болған халықтық музыкалық аспаптарды және орындаушылық дәстүрлерді қайта жаңғырту музыкалық шығарамалардың мазмұнын жаңа көркемдік құралдар арқылы ашып қана қоймай, жалпы ұлттық мәдениетті байыта түседі деген түсінікке сүйене отырып, соңғы жылдары көне халық аспаптарын жинау, қайта жаңғырту, үнін қалпына келтіру және жетілдіру жұмыстары жүргізілуде. Бұл жұмыстар музей қорларымен ғана шектелмей, жазба деректерге, халық аңыз-әңгімелеріне, далалық экспедиция материалдарына да негізделіп жүзеге асырылуда» - деп көрсетті [Джанибеков, 1996: 260]. Ол бұл жұмыстарды белгілі музыкатанушы, профессор Болат Сарыбаевпен, сондай-ақ қазақ көне өнерінің білгірлері С. Қасиманов, О. Хаймулдин және басқа мамандармен біріге отырып жасады. КСРО-ның халық артисі, дирижер, профессор Ш.Қажығалиевтің сызбалары мен эскиздері негізінде сырнай, дауылпаз сияқты музыкалық аспаптар қайта жаңғыртылып, оркестр құрамына енгізілді.

Осы аспаптарды насихаттау және өмірге қайта әкелуі фольклорлық ән-би ансамбльдерін құруға ұйытқы болды. Бұл жайында ол естелігінде былай деп еске алады: «Облыстық филармония дәстүрлі өнердің осындай ұмытылған немесе «құрып бітуге» айналған тұстарын қайта қалпына келтіріп, мүмкіндігінше бұрыңғы табиғи ортасына – елдің тұрмысына қайтаруға қолқабысын тигізетін бірден бір мекеме болуға тиіс еді. Мұның өзі халық шығармашылығын насихаттаумен айналысатын фольклорлық-этнографиялық ансамбльдер, артистік топтар құрумен, теледидар мен радионың мүмкіндіктерін пайдаланумен тікелей байланысты болатын» [Жәнібеков, 1996: 102]. Оның Торғайдағы қызметінде осы жоспарын жүзеге асыруға өнер қайраткерлері Б. Сарыбаев, Д. Әбіров, О. Всеволодская-Голушкевич, Торғай театрының бас режиссері Қ. Жетпісбаевтармен қоян-қолтық жұмыстар атқарды. Нәтижесінде «Шертер», «Метелица» фольклорлық-

этнографиялық ансамбльдері, цирк тобы құрылды, дарынды жас биші Тойған Ізімованың концерттік бағдарламасы жасалды.

«Шертер» ансамбілінен кейін «Ғасырлар пернесі», «Сазген», «Адырна» халық аспаптары ансамбльдері, «Отырар сазы» оркестрі құрылды. «Шертер» ансамблі өзіне тән ұлттық аспаптарымен ұмытыла бастаған халық әуендерімен халықтың ықыласына бөленді. Өзбекәлі Жәнібектің бастамасымен құрылған бұл ансамбль туралы профессор, әдебиетші, сыншы Құлбек Ергөбек «Ол ұйытқы болып жинастырып, ұйымдастырған қазақтың көне әуез аспаптарынан құралған «Шертер» фольклорлық-этнографиялық ансамблі, оның мүшелеріне тігілген әсем ұлттық киімдер тек Торғай облысында ғана емес, республика көлемінде жаңалық болды» - деп, бағасын берді [Ергөбек, 2021: 160].

«Шертер» – қазақтың көне әуез аспаптарынан құралған, кейін ұйымдастырылған «Ғасырлар пернесі», «Сазген», «Адырна» халық аспаптар ансамбльдерінің және «Отырар сазы» оркестрінің ізашары болған тұңғыш шығармашылық ұжым еді. Ансамбльдің негізін пішімі мен дыбыс ерекшеліктеріне қарай өзгешеленетін, төкпе күй орындауға бейімделген батысқазақстандық домбыралар, шертпе күй тартуға ыңғайлы семейлік үлгідегі домбыралар, іліп-қақпай нақышын келтіретін торғайлық домбыралар, көне заманғы шертер мен қылқобыз құраған болатын. Оларға қоса жетіген, шаңқобыз, үшкірік, дабыл, даңғыра, асатаяқ секілді ұлттық аспаптар енгізілді. Ансамбль соңғы кезде ұмыт бола бастаған халық әуендерін – «Бозінгенді», «Арман қоңырды», «Ой толқынын», «Желдірмені», «Кеңес күйін» орындағанда, тамылжыған сазды үнімен жұртты ерекше әсерге бөлеп, тәнті ететін еді. Қайыржан Мақанов басқарған бұл ансамбльдің құрамында Қазымгүл Базанова, Қыпшақ Қойғарин, кобызшы Сапар Әбенев, биші Тойған Ізімова, Шотай Жолдасбаев сияқты өнер саңлақтары болды [Жәнібеков, 2011: 147-148]. Ғалым-қайраткер Б.Сарыбаевпен бірлесіп, ұмытылған адырна, сазген, жетіген, шертер, нарқобыз, үлдек сияқты аспаптарды ғылыми негізде қайта жасап, оларды «сөйлетті».

Өзбекәлі Жәнібек сахнадағы «псевдофольклормен» (картон сәукеле, талғамсыз жылтырақтар) аяусыз күресті. Өзі 16 жыл бойы зерттеген «қасаба» (келіншектердің бас киімі), күндік, жаулық, мұрақ, нымша сияқты киім үлгілерін архивтік деректер негізінде тірілтіп, олардың әрбір тігісі мен оюына дейін қадағалады. Ол ұлттық киім мен өнерді қастерлеуді «елдің есейгенінің айғағы» деп білді және жастарды «баттиған» талғамсыз оюлардан сақтап, бекзаттыққа баулыды.

Торғай өңіріндегі қызметінен Алматыға оралған Өзбекәлі Жәнібек өзінің ұлттық мәдениетті жаңғыртудағы істерін ар қарай жалғастырды. Осының нәтижесінде 1981 жылы «Сазген» ансамблі мен «Отырар сазы» оркестрі дүниеге келді [Қосмамбетов: 2011]. Оркестрдің құрылуы қазақ халық музыкалық аспаптар музейінің ашылуымен тығыз байланысты болды. «Отырар сазы» оркестріне жетекшілік жасаған белгілі өнер саңлағы Нұрғиса Тілендиев Өзбекәлі Жәнібекпен бірлесе отырып, музейдегі ұмытылған аспаптарды оркестрде дыбыстаудың жолын тапты. Өзбекәлі Жәнібек Нұрғиса Тілендиевке оркестр репертуарын байытуға, аспаптардың сапасын жақсартуға үнемі қолдау көрсетті. Жоғарыда айтылған музейдің ашылуына ықпал еткен қазақ халқының этнографиялық бай мұрасын қайта жаңғыртып, оны ұйқастыруда білгірлер мен іздеушілерін жұмылдыра алған Өзбекәлінің ұйымдастырушылық қабілеті еді. Ол осы музей туралы «Қазақтың халық аспаптары музейін ұйымдастыруға, оның оңайға түсе қоймағанын, экспозициясын құрастыруға менің бақандай екі жыл уақытым кетті» - деп жазады қайраткер мемуарында [Адырбек, 2021: 281].

Қоғам қайраткері қазақтың ұлттық мәдениетінің қай саласында болмасын өзіндік сара жолын салып кеткен тарихи тұлға. Ол жоғарыда айтылған өнер ұжымдарын ұйымдастыру барысында әртістердің ұлттық киім үлгілеріне аса мұқият мән берген. Өзбекәлінің ғылыми ізденушілігінің бір саласы ұлттық киім үлгілері мен ондағы ою-өрнектердің мән-мағынасын зерттеу болды. Өзбекәлі Жәнібек «Сазген» ұлт аспаптар ансамбль әртістеріне арнап «Қазақ театр қайраткерлері қоғамының» киім тігу шеберханасында 22 дана бірегей киім коллекциясын жасатқан. Өкінішке орай бұл үлгілер сақталмапты. Бұл жайында

әдебиеттанушы, сыншы, ғалым Құлбек Ергөбек өз еңбегінде қынжыла өкініш білдірген [Ергөбек, 2021: 163].

Биылғы жылдың ақпан айында Арқалық қаласындағы облыстық Дала өлкесі тарихы музейі Түркістан қаласында Өзбекәлі Жәнібектің туылғанына 95 жыл толуына орай «Рух сардары» атты көшпелі көрме ұйымдастырды. Музей директоры Терек Рауан бастаған ұжым Торғай өңірінде құрылған «Шертер» ансамблінің әртістерінің киімдерінің үлгілерін тауып, көрмеде көпшілікке таныстырды. Бұл үлгілер кезінде Өзбекәлі Жәнібековтің бастамасымен шеберлермен бірге жасаған ұлттық киім нұсқалары екен. Бұл жәдігерлер ұлт перзентінің халқы үшін жасаған еңбектерінің айғағы.

Өзбекәлі қазақ халқының мәдениеті мен өнеріннің тамыры тереңде жатқанын дәлелдеп, «қазақта мәдениет, би және сан алуан музыкалық аспаптар болмаған» деген сыңаржақ пікірлерге ғылыми әрі қайраткерлік тұрғыдан қарсы шықты. Ол өзінің «Эхо» еңбегінде «тарихта бисіз халық болған емес» деген ұғымды алға тартып «Кейбір мамандар арасында қазақ халқында бұрын жеке би өнері болмаған деген пікір кездеседі. Алайда тарихи дәлелдерге жүгінбей-ақ, қазақ тілінде «би» (танец), «билеу» (танцевать) сөздерінің болуының өзі, сондай-ақ музыкалық фольклор қорындағы «би-күйлері» деп аталатын би ырғағының барлығы бұл пікірдің негізсіз екенін көрсетеді» дей келе, қазақтың би өнерін зерттеген ғалым Л. П. Сарынованың «жақында ғана ізі табылған көне халық билері қазіргі кезде жиі айтылатын «қарапайым бидің бастамалары» да, «билік элементтері» де емес, патриархалдық-феодалдық қоғамның мәдени деңгейіне сай қалыптасқан, өзіндік көркемдік құралдары бар дербес би өнері болған» деген пікірін келтірген [Джанибеков, 1996: 260].

Өзбекәлі Жәнібек бұл пікірімен тоқтамай «Алтынай» мемлекеттік би ансамблін құрды және көптеген көне билерді ғылыми негізде қалпына келтірді. Ол осы ансамбльдің негізгі қалаушысы ретінде айтып отыратын Қазақ КСР өнеріне еңбегі сіңген қайраткер, балетмейстр О. В. Всеволодская-Голушкевичпен бірге экспедицияларға шығып, көнекөз қарттардан би қимылдарын жазып алған [Ергөбек, 2021: 313].

Этнограф Өзбекәлі Жәнібектің осындай табанды еңбегінің арқасында ұмытыла бастаған билер қайта оралды. Олар рәсімдік және бақсы билері: «Айқосақ», «Бақсы ойыны», «Жезтырнақ», «Буынби», тұрмыстық және аңшылық билер: «Қоян-бүркіт», «Киіз басу», «Ортеке», «Өрмек-би», «Құсбегі – дауылпаз», «Келіншек», жауынгерлік билер: «Қылышпен-би» (саблямен билеу), «Сайыс», «Мерген», көпшілік билер: «Алқа-қотан», «Ұтыс-би», «Көкпар», «Шашу» сияқты билер болды. Қоғам қайраткері өзінің «Уақыт керуені» еңбегінде би өнері туралы «Қазақтың би өнері ежелден бері келе жатқан халықтың көңіл-күйіне, ой-арманына, тілек-аңсарына, тіптен уақыт талабына, дәуір талғамына сай өзінше дамып, ұрпақтан ұрпаққа алмасып келе жатқан халық жасампаздығының үлгісі болып табылады» деп, баға бере отырып, би өнерін одан әрі дәріптеу қай қайсымыз болса да ел алдындағы, тарих алдындағы қасиетті борышымыз деп түйіндейді [Жәнібеков, 1992: 151].

Оның қазақ халқының өткені мен мәдени мұрасын, халық сәулеткерлігін, ою-өрнегін, ұлттық киім-кешегін зерттеп, осы бағытта жазған ғылыми еңбектері қазақ елінің тарихы мен мәдениеті бойынша зерттеулерді дамытуда үлкен маңызға ие. Мемлекет қайраткерінің осындай маңызға ие еңбектер қатарына «Қазақтың қолтума мәдениеті» (1982), «Жаңғырық ... Алтын домбыра жайлы аңыздың ізімен» (1990), «Уақыт керуені» (1992), «Жолайырықта» (1995), «Қазақ киімі» (1996), «Ежелгі Отырар» (1997), «Тағдыр тағылымы» (1996,1997) деген кітаптары мен көптеген ғылыми мақалалары кіреді.

Қорытынды. Өзбекәлі Жәнібек – қазақ халқының ұлттық мәдениетін сақтап, оны жаңғырту жолында жанкештілік еңбек еткен, шоқтығы биік қайраткер тұлға. Ол көне музыкалық аспаптарды қайта тірілту, фольклорлық-этнографиялық ансамбльдер құру, халық билері мен ұлттық киім үлгілерін ғылыми негізде қалпына келтіру арқылы дәстүрлі өнерді қайта жаңғыртудың тиімді үлгісін көрсетті. Оның қазақ халық музыкалық аспаптар музейін ұйымдастыруы, «Шертер», «Сазген», «Ғасырлар пернесі», «Адырна», «Алтынай», «Отырар сазы» секілді өнер ұжымдарының құрылуына ұйытқы болуы ұлттық өнердің тек саханада емес, қоғамдық санада қайта түлеуіне мүмкіндік берді.

Қайраткердің мәдениет саласындағы қызметі оның ұлттық мәдениетті қоғам дамуының тірек күші ретінде терең түсінгенін дәлелдейді: ол ұлттық мәдени құндылықтарымыз арқылы жаһандану дәуірінде жастардың тарихи жадын қалыптастыратын, отаншылдық сезімді күшейтетін қуатты тәрбие құралы ретінде қарастырады. Бүгінгі мемлекетіміздегі «Мәдени мұра» бағдарламасының (2017), «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасының (2021) мазмұны Өзбекәлі Жәнібек ұстанған өмірлік ұстаным мен өнегелі ойларымен үндесіп жатыр. Сондықтан да оның ұлттық өнер мен мәдениетті ұлықтаудағы тәжірибесін ғылыми тұрғыдан зерделеу – қазіргі заман үшін өзекті болып қала береді.

ӘДЕБИЕТ

- Адырбек Б.* Өзбекәлі Жәнібек. Алматы: Қазақстан, 2021. 384 б.
- Джанибеков У.* Эхо... по следам легенды о золотой домбре. Алматы: Өнер, 1990. 304 с.
- Ергөбек Қ.* Ұлтымыздың ұйытқысы. Алматы: Алтын Кітап баспасы, ЖШС, 2021 ж. 376 б.
- Жәнібеков Ө.* Тағдыр тағылымы (естеліктер). Алматы, Рауан, 1997. 136 б.
- Жәнібеков Ө.* Таңдамалы шығармалар жинағы. 2-кітап. Алматы: ҚАЗАқпарат, 2011. 320 б.
- Жәнібеков Ө.* Уақыт керуені. Алматы: Жазушы, 1992. 192 б.
- Қосмамбетов Т.* Оңтүстік Қазақстан газеті, №170-171, 5 қараша, 2011ж.

REFERENCES

- Adyrbek B.* Ozbekali Zhanibek. Almaty: Kazakhstan, 2021. 384 p. (In Kazakh)
- Dzhanibekov U.* Echo... po sledam legendy o zolotoj dombre. Almaty: Oner, 1990. 304 p. (In Kazakh)
- Ergobek Q.* Ultymyzydyn uytqysy. Almaty: Altyn Kitap baspasy, ZhShS, 2021 zh. 376 p. (In Kazakh)
- Zhanibekov O.* Tagdyr tagylymy (estelikter). Almaty, Rauan, 1997. 136 p. (In Kazakh)
- Zhanibekov O.* Tandamaly shygarmalar zhinagy. 2-kitap. Almaty: QAZaqparat, 2011. 320 p. (In Kazakh)
- Zhanibekov O.* Uakyt kerueni. Almaty: Zhazushy, 1992. 192 p. (In Kazakh)
- Qosmambetov T.* Ontustik Qazaqstan gazeti, №170-171, 5 qarasha, 2011zh. (In Kazakh)

Автор туралы мәлімет: Исабек Баршагүл Қашқынқызы – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан Педагогикалық университеті (Қазақстан Республикасы, Шымкент қ., А. Байтұрсынов к., №13, инд 160012). ORCID: /0000-0002-1470-8945. E-mail: barsha73@mail.ru

Сведения об авторе: Исабек Баршагуль Кашкиновна – кандидат исторических наук, профессор Южно-Казахстанского педагогического университета имени Узбекали Жанибекова, (Республика Казахстан, г. Шымкент, улица А. Байтурсынова, №13, инд. 160012). ORCID: 0000-0002-1470-8945. E-mail: barsha73@mail.ru

Information about the author: Barshagul K. Isabek – a candidate of historical sciences and professor at the South Kazakhstan Pedagogical University named after Uzbekali Zhanibekov (Republic of Kazakhstan, Shymkent, A. Baitursynov Street, No. 13, ind 160012). ORCID: 0000-0002-1470-8945. E-mail: barsha73@mail.ru

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 24.02.2026.

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 03.03.2026.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 14.03.2026.